

## **Педагогикалық кеңес № 1**

Откен күні: 27.08.2021г.

Қатысқандар: 11

Қатыспағандар: 6

### **KҮН ТӘРТІБІ:**

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

Жауапты: менгеруші: Ақылбекова Г

2. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі

Жауапты: медбике: Алтынбекова М

3. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы

Жауапты: әдіскер: Алиханова А

4. 2023\_ж. балабақша түлектерінің мектепке түсу қорытындысы

Жауапты: тәрбиешілер Оразова Н

5. Бөбекжай-бақшадан жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы

Жауапты: психолог \_Лесбек С

6. 2022\_ - 2023\_ оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.

Жауапты: менгеруші Ақылбекова Г

7. Жаңа 2022\_ - 2023\_ оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.

Жауапты: менгеруші Ақылбекова Г

8. Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.

Жауапты: менгеруші Ақылбекова Г

9. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.

Жауапты менгеруші: Ақылбекова Г

## **ТЫНДАЛДЫ.**

Бөбекжай-бақша менгерушісі \_\_ Ақылбекова Г сөз алғып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.

1. 2022\_ - 2023\_ оку жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
2. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
3. Эрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
4. 2023\_ж. балабақша түлектерінің қала мектептеріне түскен қорытындысымен тәрбиешілер, әдіскерлер таныстырып өтті.
5. Бөбекжай-бақшага жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог таныстырып өтті.

Жаңа 2022\_ - 2023\_ оку жылышында әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оку бағдарламасы, үлгілік оку жоспарымен таныстырып және 2022\_ - 2023\_ оку жылышына бөбекжай-бақша міндеттерін менгеруші Ақылбекова Г бекітті.

Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды менгеруші  
Ақылбекова Г бекітті.

Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер  
бойынша тапсырманы беріп менгеруші :Ақылбекова Г бекітті.

6. Әртүрлі мәселелер талқыланды.

## **ШЕШІМІ:**

Бибіш ана бөбекжай-бақша менгерушісі \_\_ Ақылбекова Г

1. жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023\_ жылғы бөбекжай-бақшаның түлектерінің мектепке бағу қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Қорытынды педагогикалық кеңесіне бірінші сынып оқушылары балабақша түлектерінің оку нәтижелерін бақылау және жариялау. Жауапты - тәрбиешілер: Төрекханова А, Оразова Н, Турдалиева А
5. Балабақшага жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінде қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Психологт

ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырысын.

6. 2022\_ - 2023\_ оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Жаңа оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Құн тәртібі, ҰІӘ кестесі бекітілсін.
9. 2022\_ - 2023\_ оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.

Ата-аналар комитетінің тәрайымы: \_Алтынбекова М

Педагогикалық кеңестің хатшысы – Алиханова

еңгеруші жаңындағы өндірістік жиналыс хатшысы – Алиханова А

Семинарлар, кеңестер хатшысы – Алиханова А

Ашық есіктер хатшысы – Ақылбекова Г

10. Педагогикалық этика бойынша кеңестен шығып кеткен мүшелері толықтырылсын және бекітілсін.

Психолог – Ілесбек С

11. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

12. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

13. Педагогикалық кеңестің тәрайымы: Ақылбекова Г

Хатшы:  Алиханова А



## Хаттама №2

17.11.2022 ж.

Қатысқандар: 6

### Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
4. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»
5. «Гүл компазиция жасау» көрмесінің қорытындысы.
6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг.

**1. Тындалды:** Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша әдіскері Ж.Кұлышакова сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп, таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіл келеді.

**2. Тындалды:** Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2022 жылдың 21-23 қараша күндері аралығында «Балапан», ортаңғы топ «Көгершін», ересек топтарында «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс құжаттарынан бастапқы мониторинг, алтالық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер алтالық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрnekіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді. Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Ортаңғы «Көгершін» тобының тәрбиешілері Турдалиева Айгул тәрбиеленушілерімен қатар бір күндік күн тәртібі тексерілді. Балаларды балабақшаға қабылдау, тексеру, ойындар мен өртөндік гимнастикаға бақылау жасалды. Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата- аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабақшаға уақытпен алып келулерін ескертіп айту керек еді. Сонымен қатар ортаңғы топ «Балапан» тобының ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыса отырып, тәрбиеші Оразова Нұрсұлу тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп өткізді. Иллюстрация өзгерістермен серуенге апаруга дайындалды. Серуен барысында табигаттағы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынға шақырып, қызықты ойындар ұйымдастыруды. Сағат 11.30-да балаларды ішке кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, қолдарын жууды менгеріп қалған. Игере алмаған балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекші жуынып болған соң балалар тамақтануға отырды. Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Күннің екінші жартысында ортағы топ «Көгершін» тобының тәрбиеленушілерінің үйқыдан ояну, шынықтыру шаралары қаралды. Ортағы тобының тәрбиешісі Турдалиева Айгүл балалармен шынықтыру шараларын жасады. Балалар тессекте жатып гимнастикалар орындағы. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті – қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамақтанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып турлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек «Аққу» тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдаудан бастап, таңтеренгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастырудына бақылау жасалды. Балалар таңтеренгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиелен,,ушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек «Аққу» тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қымылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші А.Төреканова балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерінше шешініп, жуынуга кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды

### 3. Тындалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша менгерушісі Г.Ақылбекова сөз алғып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Ересек «Аққу» тобының тәрбиешісі А.Төреканова “Коммуникативті дағдыларды дамыту бойынша “Ертегілер еліне саяхат” тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекетін өтті. ҰІӘ шаттық шенберінен басталды. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды, балаларға сұрақтар қоя отырып сұхбат жүргізді.. Ортағы «Балапан» тобының тәрбиешісі Оразова Н «Ойыншықтар» тақырыбында ҰІӘ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды.

. Ашық ҰІӘ талапқа сай өтті. ҰІӘ жақсы дайындалған.

### 4. Тындалды: 4.Баяндама: «Баланың балабақшага бейімделуі»

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшага бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондыктан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз
- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шортты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындағы жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшага тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- Бірінші күні балабақшага серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшага беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарланыз, балабақшага бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшага жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Бала балабақшага тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сактану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын құыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көшпіл, өз жақындарының берілген бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшага келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланын балабақшага барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызыметі бақылауға алады.

## 5. Тыңдалды: «Гүл композиция жасау» көрмесінің қорытындысы туралы балабақша әдіскері А.Алиханова сез алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиги қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табигат қамқоршылары қатарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

### 6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг

**Мақсаты:** Ұжымның қоңіл-күйлерін жақсарту, қарым-қатынасты нығайту, өзін еркін сезінуге көмектесу, ұжым ауызбіршілігін қалыптастыру.

Тренинг ережесі:

1.Күлімсіреу;

2.Бірігіп жұмыс жасау;

3.Өз ойын еркін ашық жеткізу;

4.Белсенді қимыл қозғалыс;

5.Еркін отыру; Соңына келе оте қызықты етіп аяқталды.

**Шешімі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, экспериметтік жұмыстар көп жүргізілсін. **Жауапты: тәрбиешілер.**
2. ҰІӘ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін. **Жауапты: тәрбиешілер.**

Балабақша менгеруші:  Г.Ақырбекова

Хатшы:



  
Балабақша мемлекеттік мектебінде  
Балабақша менгеруші Г.Ақырбекова  
Хатшы Алиханова

## **Педагогикалық кеңестін**

### **№ 4 хаттамасы**

Мерзімі: 29.04.2022жыл

Катысқандар 11

Тақырыбы: «Топта заттық кеңестіктің және даму ортасын құрудағы педагогикалық ұжымның қолайлыша жағдай жасау жұмыстары».

#### **Күн тәртібінде.**

1. Заттық- кеңістік және даму ортасын құру жағдайы бойынша әдеттегі қыншылықтарды және кемшіліктерді анықтау.
2. «Даму ортасын құру» тақырыптық тексеру нәтижесі.
3. «Қазақ ұлттық бүйімдар», «Фарышқа саяхат» көрмелерінің қорытындысы.
4. Ашық оқу- қызыметтерін талқылау .
5. Ересек тобында шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарының үйимдастырылуы.

**Сөз сөйлемді:** Педагогикалық кеңесті балабақша менгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды. Сөзді балабақша әдіскеріне берілді.

**Сөз сөйлемді:** Заттық кеңестіктің және даму ортасын құру жағдайы бойынша әдеттегі қыншылықтар және кемшіліктер туралы айтып өтті. Балалар сұлулық әлемінде, ойын, ертеңі, ән, сурет салу әлемінде өмір сұру үшін балабақшада жағдай толығы мен жасалу керек. Заттық дамытушы ортақажетті заттармен, ойын құралдары мен жабдықталған эстетикалық, психологиялық педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді. Танымдық , шығармашылық іс әрекеттерге қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялды ой және бейнелік қабілеттері қарым қатынас жасау дағдысы дамиды ең бастысы үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады. Біздің балабақша топтрында да жас ерекшеліктеріне сай даму ортасы бар , бырақ керекті ойын жихаздарымызда аздап кемшіліктер бар бұлар Театр құыршақтары, заманауы спорт жабдықтары осы кемшіліктерімізді толықтырып беруді сұранамыз деді әдіскер.

**Сөз сөйлемді:** Даму ортасын құру тақырыбында тексеру нәтижесі бойынша менгеруші сөз сөйлемді. Заттық - кеңестік даму ортасын балаларда қуаныш сезімін балабақшада деген жағымды эмоциялық қарым- қатынас сыйлайды. Даму ортасын бақылағанда топтарда қымыл- қозғалыс орталығы, ойын әлемі, бейнелеу шығармашылық орталығы, конструктивтік орталықтар үйимдастырылған. Әр топ тәрбиешінің шеберлігіне байланысты жасақталған. Кіші, ерте жас топтарында шкафтарды қол жетімді жағдайға

келтіру балалардың жасына ол биіктік етеді. Ұсыныс: Топта баланың тынығып демалуына «Тыныштық әлемі» орталығын ұйымдастыруға болады.

**Сөз сөйледі:** «Қазақ ұлттық бүйімдары» қол өнер көрмесі туралы тәрбиешілер пікрлерін айттып отті Балабақшамызың ата- аналары жылдағы дәстүрге сай балаларымен бірлесе жасаған жұмыстарын көрмеге қойдық. Эр тәрбиеші ата ана Отаның патриот азаматын тәрбиелейтін болғандықтан оған өз ұлттының салт дәстүрін, ұлттық аспаптарын, халқ ауыз әдебиетін, ою өрнек нақыштарының қыр сырлары жайлы айттып көрсетіп отыру керек. Атап айтсам көрмеге ата аналарымыз астау, ожау, сандық, киіз үй, күбі, самовар, түрлі түсті оюлар түскен кілемшелер, алтыбақан, құрақ көрпеше, құрақ жастықтар жасап беріп беріп жіберді. Тәрбиешілер тарапынан көрмеге койылған әр бүйім балаларға таныстырылып, халқымызың тарихина да шолу жасалды. Шара соңінде халық әндерін тыңдал, ұлттық ойындар ойнатылып видео роліктерін ата аналар чатына жолдадық деді тәрбиешілер

**Сөз сөйледі:** Балабақша тәрбиешісі *Оразова Н* балабақшамызыда ұйымдастырылған «Гарышқа саяхат» көрмесі туралы пікір айтты. Көрмеге әр тәрбиеші үлесін қости. Аспан сырлары туралы, гарышкерлер туралы балаларға мағлumat берілді деді тәрбиеші өз сөзінде.

**Тыңдалды:** Ересек тобындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы айтты. Шығармашылық білім білім беру саласының мазмұны сурет салу, мұсіндеу, жапсыру, музика оқу қызметтері іске асырылады. Топта шығармашылық бұрышы ұйымдастырылған. Ол жерде сала үшін керекті іс құралдар жинақталған. Балалардың шығармашылық жұмыстары жеке портфолияларында жинақталған деді менгеруші.

### Шешім:

1. Даму ортасына қажетті ойніштық жихаздар толықтырылсын.
2. Көрме ұйымдастырғанда эстетикалық талғамға мән берілсін.
3. Ойніштықтар балаларға қол жетімді жерде болсын.
4. Ересек тобындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарын ұйымдастыру жақсы деп табылсын.

*Шорайшев Нұрлан*  
*Хатын* *Оразова*



## **Педагогикалық кеңестің**

### **№ 5 хаттамасы**

Мерзімі: 27.05.2022жыл

Қатысқандар 11

Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылының қорытындысы».

#### **Күн тәртібінде.**

**1.**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартының Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы, балалармен мерекелік іс шаралардың орындалуы туралы есеп.

**2.** Мониторинг қорытындысы.

**3.**Бөбекжайдағы сауықтыру іс шаралары

**4.**Жазғы сауықтыру кезендегі жұмыстар жоспарын бекіту.

**5.**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

**Сөз сөйлемді:** Педагогикалық кеңесті балабақша менгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырыды.

**Тындалды:** Педагогтар жасалған жұмыстарға есеп берді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартының Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы, мерекелік іс шаралардың орындалуы туралы Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, тұрмыстық, көшеде, табиғат жағдайларында, төтеншежағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерін қолдана отырып негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс әрекеттерге, Қатынас білім беру саласының ауызекі сөйлеуді, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеруге боулу жұмыстары, тәрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекеттерінде Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды игеруге баулау жұмыстары жүргізілгендігі туралы айтылды. Таным саласы бойынша санау дағдыларын, гиометриялық пішіндер бойынша түсініктерді қалыптастыру, кеңестікті және уақытты бағдарлауды, құрастыруды, тірі және өлі табиғат заттарымен құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейткендігі туралы, Шығармашылық білім саласы бойынша балаларға сурет салу, мұсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, камандада жұмыс істей білуді қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, ұлттық бейнелеу өнеріне баулу,

дәстүрден тыс сурет салу,қиялдау,ойлауды,көркем талғамды қалыптастыру жұмыстары туралы айтылды. Әлеумет білім саласында қоғамда өзін өзі үстау,адамгершілік нормаларын,ересектер және құрбыларымен қарым – қатынас жасай білуін, оларға құрменпен қарауды дербестігін тәрбиелеуді,өзінің отбасына жақындық сезімін жанашырлықты қалыптастыру,қазақ халқының тарихын мәдениетін білу құрметтеуді туған жер туралы тісініктерін кеңейту,еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушілікты қалыптастыру туралы барлық тәрбиешілер жазбаша түрде есеп тапсырды педагогикалық кеңес құжаттарына қоса тігілді.

**Тындалды:** Балалардың тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын игеру үшін балаларға шамадан тыс салмақ салмай тәрбиелік,дамытушылық,білімдік мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз етуге әрекет жасадық. Білім-тәрбие беру балалардың жастарына сәйкес жүргізді: Бағдарламаны игеру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізді Дене дамуы: кешенді шынықтыру шаралары, таңғы жаттығу, күнің екінші жартысындағы жаттығулар мен ойындар. Әлеуметтік-тұлғалық даму: режімдік сәттерді өткізуде жағдаяттық әңмелесу,олардың қажеттілігін түсініруге,тапсырмалар арқылы еңбек дағдыларын дамыту, режімдік сәттерді өткізуде қауіпсіз жүріс –тұрыс дағдыларын қалыптастыру. Танымдық –тілдік даму тілдік дамытуши ортаны құру,онындарда бақылауларда еркін диологтар,әңгмелер,сөйлеу белсенділігін ынталантыру жұмыстары балалармен тәрбиленушілермен ұйымдастырылды.Көркем-эстетикалық даму,баланың күнделікті тіршілігінде музаканы қолдану ойын әрекеттерінде,серуенде, бейнелеу әрекетінде жүргізіліп тұрды. Қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарға,бөлмелерді безендіруге,жабдықтардың тартымдылығына,заттардың,оныншықтардың әсемділігі мен тазалығына балалардың назарын аударып үйреттік. Бағдарламаны іске асыру баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне,оның жан-жақты үйлесімді дамуына заманауи тәсілдерді қолдануға әрекет жасадық. Ойын,еңбек әрекетін күнде ұйымдастырып баланың тіршілік әрекетінде қолданатын әрекеттерді қалыптастырып, дағдылануына байланысты жұмыстар жасалды.Балабақшамызда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлыш және қауіпсіз білім беру жағдай жасауға, ұлттық салт-дәстүрлерді,адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизмге тәрбиелеу жұмысы жалғасуда. Тәрбиленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау нәтижесі бойынша қорытынды жасалды. Тәрбиленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг қорытындысына негізделіп тәрбиленушілеріміз Мектепке

дайнгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгерген деп санаймын деді балабақша әдіскері

**Тыңдалды:** Балабақшаның мейірбикесі балабақшада сауықтыру іс-шараларының ұйымдастырылуы туралы қорытынды жасады. Болашақ азаматтың денсаулығы мықты, жігерлі, қайратты болып өсуі үшін мектепке дайнгі кезенде балаға көніл бөлінсе сонда дұрыс негіз қаланады. Біздің балабақшамызда да балалардың салуатты өмір салтын сактау үшін дene дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған. Таза ауада дene шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, серуендер, қимылды ойындар, т.б. Баланың бойына ерте жастан бастап мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастырамыз. Болашағымыз жарқын да кемел болуы үшін дені сауышынықкан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік. Балаларымыздың толыққанды өсіп-өнуін үнемі қолға алып жұмысымызды жалғастырайық деді мейірбике.

**Тыңдалды:** Жазғы сауықтыру кезендегі жұмыстар жоспарына еңбекке баулу үшін баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру, ата-аналармен өзара әрекет ету, Құм терапиясына үлкен мән беру. Бала ағзасыны шынықтыруда ең тиімді шара күн саулесі, құмда дene шынықтыру жалаң аяқ жүру, шомылу процедуralарын жазғы жоспарға жоспарладық деді әдіскер.

#### Шешім:

1. Оку –тәрбие жұмыстары Мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты, мектепке дайнгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы талаптарына сәйкес жүргізілген.
2. Тәрбиеленушілердің біліктегі мен дағдыларының дамуын қадағалайтын индикатор нәтижелеріне сүйене отырып үлгілік оку бағдарламасының мазмұнын игерген.
3. Сауықтыру іс шаралары жалғастырылсын.
4. Жазғы сауықтыру кезендегі жұмыстар жоспары бекітілсін.



Мерайшел : *Айнурбеков*  
Хатын *Н. Герекамова*